2. Әкесі тұрып ұл сөйлегеннен без..... (шешесі тұрып қыз сөйлегеннен без)
3. Қарағайға қарап тал өсер.... (қатарына қарап бала өсер)
4. Үйінде ұлы-қызы бардың.... (көгінде сөнбес жұлдызы бар)
5. Ана сүтін ақтамағанды..... (ешкім жақтамайды)
6. Жығылып жатып..... (сүрінгенге күлме)
7. Отан қуат..... (отбасы шуақ)
8. Әдепті бала арлы бала..... (әдепсіз бала сорлы бала)
9. Ауыру қалса да..... (әдет қалмайды)

10. Ұяда нені көрсең.....(ұшқанда соны ілерсің)

«Кел ойнайық»

Аналар мен әжелер ойнайды. «Бес тас» ұлттық ойын (бірлік, екілік, үштік, ұпай жинау, киіз үйге қонақ кіргіз)

Балалар ойнайды. «Ғажайып текшелер» (текшелердегі ұлттық киімдерді рет - ретімен орналастыру)

«Үй тапсырмасы» (сөз кезегі әжелер мен аналарға беріледі. Өздері дайындап келген ұлттық бұйым, ұлттық тағам, ертегі айту, бесік жыры т.б өнерлерін көрсетеді)

Тәрбиеші: - Бүгінгі тамаша отырысты әнмен аяқтағымыз келіп отыр.
Канаева Рада және Зухра Ещановнаның орындауында Ән: «Жүрейік бірге» қабыл алыңыздар

«Тексерілді»
№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК
әдіскері Ж.С.Нургалиева
«11»12 2023ж.

«Бекітемін»
№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК
меңгерушісі М.С.Ермағанбетова
«11» 12 2023ж.

«Тәуелсіз елдің ұланымыз!»

«Балапан» ересек тобында тәуелсіздік күніне орай өткізілген тақырыптық сағат

Тәрбиеші: Ержан Г.А.

15 «желтоқсан» 2023 жыл

«ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰЛАНЫМЫЗ»

атты Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне арналған тақырыптық сағат

МАҚСАТЫ:

- Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.
- Ойларын жүйелі түрде жеткізе білу, шығармашылықпен жұмыс жасап, мәнерлеп өлең оқып, мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту.
- Отанын сүюге,ел тарихын білуге,еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, Отанымыздың байлығын қорғауға, білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу.

ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР: Безендіруге мемлекеттік рәміздердің суреттері, шаңырақ, ақ ленталар, жұлдыздар .Видео ролик

Республикасының Мемлекеттік Гимні қосылады. Тәрбиеленушілер және қонақтар орындарынан тұ рып, оң қолын жүрек тұсына қойып әнұранды орындайды.

Тәрбиеші:

Атыңнан айналайын егемен ел,
Тәуелсіз күнің туды кенеле бер.
Мерейің құтты болсын Қазақстан!
Ғасырлар тойы болшы келе берер!

Музыкалық номер: «Тәуелсіз елдің ұранымыз» әні,
Балалар: Қош келдіңіздер!

Тәрбиеші:
Сан ғасырлар тарихы мол кешегі,
Туған жердің шежіресі деседі.
Менің елім Қазақстан- Отаным,
Болашағы бізбен бірге өседі.
- Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады екен? (Қазақстан)
- Қазақстан жері қандай? (Қазақстан жері үлкен, әдемі, әрі бай)
- Дұрыс айтасыңдар, балалар, Қазақстан жері батыстан шығысқа қарай 300 000 шақырымға, солтүстіктен оңтүстікке қарай 1700 шақырымға созылып жатыр. Біздің еліміз - жерінің кендігімен қатар, табиғи байлығы да мол мемлекет. Өріс толы малы, тайдай тулаған балығы, теңіздей толқыған егіні, дала толы аң - құсы, таусылмас кен байлығы да жеткілікті, мол. Осы айтылған ойларымыздың дәлелі ретінде қонақтарымызға тақпақ айтып берейік

1-бүлдіршін:
Отан - жерім, Отан - суым,
Отан - қуат, нәр береді.
Отан - ұран, Отан - туым,
Отан мәңгі гүлденеді.

2-бүлдіршін: Сүйемін мен Отанымды,
Гүл жайнаған жерімді.
Сүйемін мен ата - анамды,
Мені өсірген елімді.

3-бүлдіршін: Отан деген - Атамекен,
Отан деген - туған жер.
Отан - ана, Отан - пана,
Қазақстан - туған ел.

4-бүлдіршін: Отанды біз Атамекен,
Деп аялап айтамыз.
Өйткені оны мекен еткен
Бабамыз бен атамыз.

5-бүлдіршін: Отанды жас - кәріміз де,
Туған жер деп сүйеміз.
Өйткені онда бәріміз де,
Туып, өмір сүреміз.

6-бүлдіршін: Отан - менің өзегім,
Қиының болса төземін.
Алдағы бақыт шақтарды,
Жүрегіммен сеземін.

7-бүлдіршін: Отаным - менің өзегім,
Қырынды шарлап, кеземін.
Білу керек әр ұрпақ,
Бес саусақтай өз елін.

8-бүлдіршін: Отаным - мәңгі корғаным,
Қалаймын бақыт қонғанын.
Сүйемін және сондықтан,
Өзенін, көлін, орманын.

9-бүлдіршін: Бақытты боп жүргенім,
Сенің арқаң, Ұлы Отан.
Елім менің тірегім,
Құшағында гүл атам.

10-бүлдіршін: Сарқылмайтын қуатым,
Тірегімсің сен, Отан!
Мәңгі соғып тұратын,
Жүрегімсің, сен Отан!
Бейне ролик:Қазақстан рәміздері.Туған жер, қала, ауыл бейнебаян көру.

Тәрбиеші: Бәрекелді, кандай тамаша өлең жолдары! Отан дегеніміз не?

Тәрбиеші: Отан дегеніміз - адамның туып өскен жері, туған - туыс-қандарымен, жақындарымен бірге тұратын ата мекені. Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны - Қазақстан Республикасы.

Қазақстан - Туымен тұғырлы,
Елтаңбасымен еңселі,
Әнұранымен айбатты.

Балалар, 1992 жылы 4 маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер - Елтаңба, Ту бекітілді. Міне, бүгінгі таңда Қазақстан өз алдына Тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстанбыз.

Жүргізуші: Қазақстан - көк байрақты ел едің,
Сен дегенде лүпілдейді жүрегім.
Өзің менің мақтанышым, тірегім,
Өзің менің қуанышым, бақытым

Қазақстан - сен заңғар биіксің, кеңсің. Біздің жанымыз өзіңе деген мақтанышқа бөленген. Біз сенің атыңды айтып, жер бетіне жар салар перзентіңбіз, тәуелсіздікті мықтап қолға ұстайтын баланбыз!

Балалар: Біз - Тәуелсіз елдің ұланымыз:

Тәрбиеші: Осымен бүгінгі мерекелік ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті. Асқақ та, абыройлы мереке құтты болсын! Аспанымыз ашық, болашағымыз жарқын болсын!

Соңы

«Тексерілді»
№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК
әдіскері Ж.С.Нұрғалиева
«26» 12 2023ж.

«Бекітемін»
№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК
меңгерушісі М.С.Ермағамбетова
«26» 12 2023ж.

«Қош келдің Жаңа жыл!»

«Балапан» ересек тобында ертеңгілік

Тәрбиешілер: Сартова Г.Е. Ержан Г.А.

2023 жыл

« Қош келдің, Жаңа жыл!»

Мақсаты:Балаларға мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың Аязатаның Ақшақардың, Ұлудың,Қоянның карнавалдық киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату.

Тәрбиеші:Құрметті Ата аналар, балалар, әріптестер бүгінгі «Қош келдің, Жаңа жыл атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

(Балалар кіреді)

Меңгерушіге құттықтау сөз беріледі.

Қ.Медина:
Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін
Бәрімізге мына жыл арайлы!
Құтты болсын ағайын!

Н.Айым:
Жаңа жылың тағы да
Қол соғып қарсы алайық
Шақырайық ортаға
Ертеңгілік басталсын
«Балапан» тобында!
(балалар келіп шыршаны айналып тұрады)

Санжар:
Жаңа жыл келді
Азаймасын ән мен жыр
Ел көңілін көтерсін
Құтты болсын жаңа жыл!
Құттықтаймыз сіздерді!

Айгерім:
Тезірек, тездетіп мұнда жиналыңдар
Басталады Жаңа Жылдық карнавал
Маска да бар, би де бар, асығыңдар
Аяз ата шақырғанның бірі дағы қалмайды.
Басталады, басталады Жаңа жылдық карнавал
Карнавалдың иелерін қарсы алыңдар!
(қол соғып киінген ата - аналар кіреді)

Сиқыршы: Бәрекелді, жарайсыңдар! Қарандаршы, айнала неткен керемет, әсем мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бәрімізде әп - әдемі жаңа жылдық киімдерімізді киіп жиналып қаппыз. Бірақ,... шыршамыз көңілсіз, қане менің сиқырлы таяғымның көмегімен,

сендердің әдемі сөздеріңмен шамын жағайық!
Сиқыршы:- балалар, жаңа жыл болса кеп қалды, біздің қоштасатын қоян жылымыз қайда?
Жүргізуші: Ай, Сиқыршы сен сиқырлап тастаған жоқсың ба? Балалар, қоян қалай дыбыстайды? Дауысы естілмейді ме?
«Жаңа жыл жарылқасын, ескі жыл есіркесін» деп ескі жылымызды қарсы алайық.
Сиқыршы:балалар мына қорапшада не бар білесіздер ме?
қане мен сиқырлы таяғыммен қорапшаны ашайын.
«Қоян секіріп шығады»
С.Қасым:Қоян
Сәлеметсіздер ме, балалар
Мен тұрмын қуанып,
Шаттыққа бөленіп
Бір жыл бойы сіздермен
Дос болайық шаттанып.
Сиқыршы:Балаларға Келе жатқан жыл қандай жыл, Ал Қоян ше?Қоян жылы қандай жыл болды ата аналардан сұрайық, балалардан.
- Ау, қоянжан сенімен де қоштасатын кез келді. Мына жұртшылықтың ризашылықтарын тыңда.
(Ата - аналармен сұхбат.)
Жүргізуші: - Шыныменен, балалар, біз бір жасқа үлкейдік. Ескі жыл Жаңа жылға орнын сыйлағысы келіп тұр, олай болса, сау болыңыз, біз сізге ризамыз!
Бәрі. Қош, қош, Ескі жыл!
Үміт: Ұлу - Мұрагер
Мен жаңа жылмын
Мен жаңа нұрмы
нұрымды да себейін
Жырымды да себейін
Сиқыршы:-Балалар қане барлығымыз Жаңа жылды қарсы алып мен сиқырыл таяғыммен Шаршаны жағайын
Бәрі: Қуант, бізді, таңырқат
Шамдарыңды жарқырат! 3 рет
(Шырша шамы жанады, «Алақайлап» қол соғады)
Жүргізуші: Міне, керемет, қол ұстасып әнімізді шырқайық.
Жаңа жыл әні
Жүргізуші: Ендеше, шыршамызға тақпақтарымызды айтайық.
С.Алижан:
Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

Келеді бізге....
Балалар: Аязата!
Ақшақар: Шырша бүгін кәделі!
Сендер әрі..... **Балалар:** Әдемі!
Ақшақар:
Көңілсіз бір бала жоқ,
Ойын - күлкі таралсын
Құтты болсын.....
Балалар: Жаңа жыл! (3 рет)
Жүргізуші:
Әуеледі әніміз
Жаңа кірді сәніміз
Ақшақарды ортаға алып
Би билейік бәріміз.
Би: «Жұлдыздар»
Балсұлу:
Кел билейік сенімен
Деймін тартып жеңінен
Еріп кетпе Ақшақар
Адамдардың демімен.
Адина:
Жаңа жылда жаңаша
Тақпақ айтамыз.
Болсын риза балаша,
Әппақ Аяз атамыз.
АльАзиз:
Жаңа жыл, жаңа жыл
Сені күттім еленděп
Өзіңменен ілесіп
Аяз ата келер деп.
Жүргізуші:
Айта берсек таусылмас
Жаңа жылда жаңа жыр
Кел оданда, халайық
Ойын ойнайық жаңа бір.
Ойын: «Байпақ»
Шарты: 2 ойыншы екі сыңарды бөліп алады. Біреуі оң, біреуі сол аяғынікін киеді де, әуенмен билеп, шыршаны айналып, ортаға бірінші жету қажет. (алдымен ата - аналар, содан соң балалар)
Аяз ата: мына ата - аналар да мықты екен. Енді мен дем алсам деймін.
Жүргізуші: Иә, ата, дем алыңыз, ортамызда биші ата - аналарымыз да бар. Тамашалайық!
Би: «Буратино»

Ақшақар.
- Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!
Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы
Жалт - жұлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнмін, жырмын, тақпақпын.
Жүргізуші: Қош келдіңіздер, баршаңызда, алыс жолдан келдіңіздер.
Әсем әні де, биі де бар
Отыр ата, сәл дем ал.
Ән:Келді, міне Жаңа жыл.
Би: «Аяз Ата»
Ақжан:
Жаңа жылды қарсы алдың,
Мініп алып күймеге
Мен де бүгін ән салдым,
Араластым биге де
Алихан:
Ақ қырауға малынған
Сақалы да, мұрты да
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына.
Алинұр
Жаңа жылға сәніміз
Біздің айтар әніміз
Келдің бе аман алыстан
Сәлем, Аяз атамыз.
Раяна:
Кезектесіп балалар
Тақпақ айтып береміз
Сұрақ қойса Ақшақар
Ойланып жауап береміз.
Ақшақардың сұрақтары:
Мен білемін бір ойын: Үйретейін сендерге
Мен бастаймын,
ал, сендер аяқтаңдар ойынды.
Хормен жауап айтыңдар!
Қарға мүлгіп дала тұр,
Келе жатыр....
Балалар: Жаңа жыл!
Ақшақар: Қызыл мұрын, ақ мұртты
Білсең атын тез ата,

Альмир:
Шыршамызда қаншама
Түрлі - түсті шырақтар
Күлгін түсті тоқаштар
Жарқыраған алтын бар.
Д.Алижан:
Безендіріп шыршаны
Жыл қуантты баршаны.
Той - маскарад басталды,
Аяз оны басқарды.
Жүргізуші: - Балалар, жарайсыңдар. Айтыңдаршы жылда Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді?
(Балалардың жауабы)
Жүргізуші: Кәнекей, ендеше бәріміз бірге шақырайық.
Бәрі: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар Ау - у - у - у! 3 – рет
Б.Медина:
Шырша дейміз елканы
Балалар билеп қоршады.
Түрлі - түсті ойыншық
Шыршада көз тартады.
Жүргізуші:- Ой, балалар, шыршамызға Аяз Ата мен Ақшақар жетіспейді.
Бәрі. Қоңырау үні сыңғырла
Аяз ата, Ақшақар
Біз Сендерді сағындық
Тез келіңдер ортаға
Аяз ата, ақшақар 3 - рет
(әуенмен бірге Ат шанаға мініп Аяз ата, ақшақар келеді)
Аяз Ата:
Құтты болсын, балалар
Келген Жаңа жылдарың
Аландамай өсіңдер
Еркелеп қыз, ұлдарым
өткен жылы келіп ем
Бәрінді де көріп ем
Жыл өткізіп келем деп
Уәдемді беріп ем
Ойларың мен бойларың да
Бірдей өсіп қалдыңдар ма?
Ал, мен кіммін айтыңдаршы
Мені тани алдыңдар ма?

Балалар: Аяз ата!

Арман:
Оралдың өлкеме,
Жаңа жыл армысың.
Оранды ақ көрпеге,
Асқартау, қарлы шың.
А.Айым:
Қандай әсем шартарап
Шаттық күйге бөлеп тұр
Кәмпиттерін арқалап
Аяз ата келіп тұр.
Айару:
Аяз келді қаһарлы
Айналаны қар жапты.
Ақтон киіп орман тұр
Дәл атамдай салмақты
Би:Микки Маус
Нұржас:
Жамылған ақ мамық, ұлпа қар
Нұрланар кең байтақ Отаным
Бала жоқ сыйлықтан құр қалар
Сыйлығы көп, Аяз атаның.
Алан:
Жылдың әнін бастайын,
Аяз - Ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.
Альмина:
Жаңа жылды қарсы алдың,
Мініп алып күймеге.
Мен де бүгін ән салдым,
Араластым биге де.
Әсем:
Безендіріп шыршаны
Жыл қуантты баршаны.
Той - маскарад басталды,
Аяз оны басқарды.
Амирхан
Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

Томирис:
Қуанатын шақ болсын,
Достарымыз ақ болсын.
Бізге келген жаңа жыл,
Құт береке бақ болсын!
Үміт:
Аяз Ата ойды қырды
Аралап жүр түгел шолып.
Қарсы алғалы жаңа жылды,
Ол да көптің бірі болып.
Али:
Қалып едік сағынып,
Күтіп алдық жабылып.
Жолын қойдық жарық қып,
Шыршаларға шам іліп
Жүргізуші: Міне, балалар аңдар да өнерлерін көрсетті.
Жаңа жылға барлығы жақсы дайындалған, осындай өнерлерімен белсенділік танытып жүрген және он саусақтарынан өнер тамған ата - аналарым мен балаларыма алғыс айтамын.
- Аяз ата Ақшақар сіздер біздердің балаларымыздың сыйлықтарын қашан бересіздер?
Аяз ата: Ой - буй, ұмытшақ басым ай, әрине қазір, қазір....
(барлығыңа сыйлық үлестіріледі)

Аяз - Ата: Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер.
Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!(қолдарын бұлғап шығып кетеді.)
Балалар: Сау болыңыздар! Рақмет сіздерге!
Бәрі.
Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты
Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты.
Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! «Қош келдің, Жаңа жыл!» жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген ата - аналар, әріптестерім сіздерге де мың алғыс! Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!

Суретке түсу
Соңы:

«Тексерілді»
№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК
әдіскері Ж.С.Нургалиева
«18»01 2024ж.

«Бекітемін»
№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК
меңгерушісі М.С.Ермағанбетова
«19»01 2024ж.

«Қыс қызығы!»

«Балапан», «Күншуақ» ересек топтар арасында спорттық- эстафеталық отбасымен бірлескен ойын

Тәрбиешілер: Токпанова З.А. Ержан Г.А.
Сартова Г.Е Байсеркешова Ғ.А.

19 «қаңтар» 2024 жы

«Қыс қызығы»

Мақсаты: Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша балалардың спорт туралы білімдерін кеңейту, қызығушылығын арттыру, достыққа баулу. Ата – анамен балабақша арасындағы сабақтастықты нығайту.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, құрметті ата – аналар, балабақша ұжымы және бүлдіршіндер. «Қыс қызығы» отбасылық спорттық- эстафеталық сайысқа қош келдіңіздер!

Олай болса сайысқа қатысушы топтарды ортамызға шақырайық.

1.Қажығалиев Алинұр
2. Болат Балсұлу
3. Темиржанов Альфараби
4.Абидуллина айым
5.Арыстан Амирхан
6.Мұратбек Али
7.Арман Хан
8.Оңғарова Айзере
9.Жексенбай Бекет
10.Марат Ақтан

Қошеметпен қарсы алыңыздар.

Ойынды бастамас бұрын әрбір жанұяға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныс болыңыздар.

1. Балабақша меңгерушісі:Ермағанбетова М.С.
2. Балабақша әдіскері:Нургалиева Ж.С.
3. Балабақша медбике:Ешмағанбетова Д.

Әнұран орындалады. Ту көтеріледі.

Командалар сәлемдеседі.

Сайыс 4 кезеңнен тұрады.

1. Хоккей ойыны.
2. Қай топтың шанасы алда
3. Қар жинау ойыны
4. Ұлттық ойын «Көкпар.
5.Ұлттық ойын «Теңге алу»

1«Хоккей» ойыны.«Хоккей» ойыны.Ойынның шарты:Екі топтың балалары хоккей таяғымен шайбаны қақпаға дәлдеп кіргізіп,межеден айналып келесі балаға хаккей таяғын шайбасымен беру.

2. Қай топтың шанасы алда.

Шарты: Ата – аналар өз балаларын шанаға мінгізіп кедергілерден өтіп, межеден айналып орнына келу.

3. Қар жинау ойыны.

Шарты: Жерде жатқан қарды отбасы болып кедергілер арасынан жүріп шелекке толтыру.

4.Ұлттық ойын: Көкпар

Екі топтан бірдей көлемде балалар шығады. Олар салт атты адамды бейнелейді. Ортада лақтың муляжы. Сигнал бойынша ойыншылар ортадағы

лақты жерден іліп алып жөнеледі. Қалғандары оны тартып алуға әрекеттенеді. Қай топтың ойыншысы көкпарды тартып алса сол топ жеңіске жетеді.

5.«Теңге ілу» — ұлттық ойын.

Ойынға қатынасушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әрқайсысы жеке-жеке шыбықты «ат» қып мінеді. Ойынды бастаушы жүргізеді.

Ойын кезегі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20—30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салады. Содан екі топтан екі сайыскер шығады да, сызыққа келіп, қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп, қол сұғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі өтіп кетеді. Шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды.

Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. Ойын жылдамдықты дамытып, тез әрі дәл әрекет етуді үйретеді.

Бүгін міне оң болып әр ісіміз.
Жоғары боп күш – жігер, намысымыз
Осылайша қуанышпен думандатып
Аяқталды халайық жарысымыз.

Марапаттау
Соңы

26.01.2024

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК
Топ: «Балапан» ересек тобы
Балалардың жасы:4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі:Ақпан айы 2024 жыл 1-апта
Тәрбиешілер: Ержан Г.А. Сартова Г.Е .
Тексерген:Нургалиева Ж.С.

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 29.01.2024**	**Сейсенбі 30.01.2024**	**Сәрсенбі 31.02.2024**	**Бейсенбі 01.02.2024**	**Жұма 02.02.2024**
Балаларды қабылдау	Балаларды арнайы жасалған күлімдеген күн стикерімен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Тоңды ма сұрау **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру	Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың маңызы жөнінде ата аналарға кеңес беру				
Балалардың дербес әре-кеті (баяу қимылды ой-ындар, үстел үсті ойын-дары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояу, Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру **(коршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.**				
Таңертенгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)** Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері «Сәлем сәлем» видеодағы әнді бірге айтып, іс әрекетті қайталау. Қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату. Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісу. Достық дегеніміз не? Балалардың ойын тыңдау. Сенің топта досың кім? бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене шынықтыру** **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Негізгі қимылдар:** жүруді жүгірумен ал-мастырып жүру баяу қарқынмен жүргіру 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 санти-метр)секіру оңға,солға бұрылу **Қимылды ойын:** «Кешікпе» «Достық» тақырыбында әңгімелесу, суреттер қарату.	**Дене шынықтыру** **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Негізгі қимылдар:** жүруді жүгірумен алмастырып жүру шапшаң және баяу қарқынмен жүргіру құрсаудан еңбектеп өту. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту **Қимылды ойын:** «Күн шуақ және жаңбыр» **Спорттық**	**Музыка маманының жоспары бойынша** **Қазақ тілі** Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратабілуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.«Адал дос» әңгімесін оқып беру. Балалардың	**Дене шынықтыру** **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Негізгі қимылдар:** Жүруді жүгірумен алмастырып жүру шапшаң жә-не баяу қарқынмен жүгі-ру, құрсаудан еңбектеп өту.4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру оңға, солға бұрылу **Қимылды ойын:** «Ойыншықты алып кел» » Сандар тізбегі карточкалары	**Музыка маманының жоспары бойынша (математика негіздері)** Лего құрастыру ойыншықтарынан сандарды құрастыру.құрастырған сандарынан тізбек жасау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісуді дамыту **(құрастыру)**

	Әңгемелесу барысында дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту **(сөйлеуді дамыту)** Достық қалашығын құрылыс материалдарынан құрастыртуды дамыту **(құрастыру)**	**<u>жаттығу-лар:</u>** Шанамен сырғанау:төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу.Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. «Жаман жолдас» әңгімесін оқып беру. Кейіпкерлерге жанашырлық танытуды,ондағы «Ғажайып қоржыннан» шыққан заттардан жиын жасату.Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік	пікірлерін тыңдау. Жаман жолдас әңгімесімен салыстыруды жетілдіру **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Балаларды орталықтар-ға бөліп шығармашы-лық жұмыстар жасату. Ертегі желісі бойынша суретті салу,иттің мү-сінін жасату,суреттер-ден қиып ертегі желісі бойынша жапсырту. **(жапсыру және сурет салу, мүсіндеу)**	аркылы сандар-ды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. **(математика негіздері)**	

		беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ са әрекеттердің дамуын қадағалау(**көркем әдебиет**)			
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).				
Серуен	Аяқ киімінің табанын қарға басу ізімен күн бейнесін салуды үйрету **(сурет салу)** «Кім тез жинайды» ойыны арқылы қар түйіршіктерінен жиын жасату. **(математика негіздері)** **Қимылды ойын:** «Кім жылдам»	Қыстайтын құстарға жем бергізу. Айналадағы табиғатты бақылап, сипаттау. Ауа райындағы ерекшеліктерді байқату. **(қоршаған ортамен танысу)** Балалардың жақсы көретінін әнін айтқызу,би билету.(**музыка**) **Қимылды ойын:**	Аула сыпырушыға көмектесу.Берілген тап-сырмаларын ұқыпты орындауды үйрету. **(қоршаған ортамен танысу)** Өздерімен алып шыққан ойыншықтарға зерттеу жүргізу. Тең ұғымын екі тәсіл-мен саны бойынша кем топқа бір затты қосу не-	«Атасының ақылы»әңгімесін оқып беру, ондағыі теңеу сөзді түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту)** **Қимылды ойын** «Өз «Үйіңді тап» Қардан екі дос аққаланың мүсінін жасату **(мүсіндеу)**	Ауа райын бақылау, табиғат құбылыстарын, өлі және тірі табиғат нысандарын тану дағдысын жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу)** Қарда табиғи құбылыстарды бейнелету **(сурет салу)** **Қимылды ойын**

		«Жалауға қарай жүгір» **Спорттық жаттығу-лар**: Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау	месе артық топтан алып тастау арқылы үйретіп, қалыптастыру. **(математика негіздері)** **Қимылды ойын:** «Тышқандар мен мысықтар»		«Кешікпе»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды пысықтау. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға достық туралы әңгімелер мен ертегілер оқып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру.				

	Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару **(қоршаған ортамен танысу)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қи-мылды ойындар, үстел үсті ойында-ры, бейнелеу әреке-ті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Достарымен бірге ойнайтын ойыншықтарды мүсіндеу. Бірлесе ойнау. **(мүсіндеу)** Қайшымен жұмыс істеуді жетілдіру. Достарға арналған жолдар жасату.Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.**(жапсыру)** Ырғақты би қимыл-дарын жасату, әнге қосылып айту **(музыка)**	Пазылдардан құрасты-ру ойындарын ойнату **(құрастыру)** Кітаптарды қарату. Суреттер бойынша ертегі құрастыру. **(Сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы бойынша «Жаман жолдас» ертегі желісі бойынша шығармашы-лықпен жұмыстар жасауын дамыту. Аюды және екі досты қиып ертегі желісі бойынша жапсыру.	Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру **(құрастыру)** Балалардың жақсы көретінін әнін айтқызу, би билету. **(музыка)**	Адамдардан басқа кімдермен дос болуғаболады?Жануа рлар мен құс-тармен дос болуға бола-ды.Балалардың ойларын, тәжірибелерін тыңдау. **(қоршаған ортамен танысу)** Жануарлардан досын мүсіндеу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын жетілдіру. **(мүсіндеу)** Ырғақты би	Ойын ойнату әр балаға қоржыннан бір зат алдырту.Содан соң сол заттар-дың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған мате-риалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін атауын ұйым-дастыру.**(сөйлеуді дамыту)** Қоржыннан алған затқа қарап пропорцияларды сақтау,бөліктерді біріктіру дағдыларын

		Суреттерін бояу. Аюдың мүсінін жасату. **(жапсыру және сурет салу, мүсіндеу)**		қимылдарын жасату, әнге қосылып айту **(музыка)**	жетіл-діріп мүсін жасауға жағ-дай жасау.**(мүсіндеу)** Өзі таңдаған заттың суре-тін саладырту Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды,қылқалам дарды жуу, үстелді сүрту дағдысын пысықтау. **(сурет салу)**
Балалармен жеке жұмыс	Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды. **Альмир**	Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыс-тарына қызығушылық танытады. **Али**	Сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді) **Алижан**	Ұжымдық құрылыс жасауға қатысады.**Санжар**	Қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі.**Адина**
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).				
Серуен	**Дидактикалық ойын:** «Бұл қай кездеболады?» Жыл мезгілдерінің әр түрлі бейнесі бейнелен-ген	Балалар қалауымен түрлі ойындар ұйым-дастыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға,	**Қимылды ойын:** «Трамвай» Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету,ойын ережеле-рін саналы	Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру **(көркем әдебиет)** Еркін ойындар Доптармен, секіргіштермен,	Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыр-шықтап, ілмекке айналдыра білуін дамыту.

	суреттерді көрсетіп, қай кезде болатынын сұрау.**(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын** «Хан талапай»	қимылды ойындарға қатысуға тарту.	түрде сақтауға баулу.	құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.	**(құрастыру) Қимылды ойын** «Хан талапай»
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстырып отыру. Достық туралы, топтағы достары туралы әңгімелесуді ұсыну.				

02.08 қабылдау
Тәжірибе
Ұ.Ә

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК
Топ: «Балапан» ересек тобы
Балалардың жасы:4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі ақпан айы 2024 жыл 2-апта
Тәрбиешілер:Сартова Г.Е Ержан Г.А

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 05.02.2024**	**Сейсенбі 06.02.2024**	**Сәрсенбі 07.02.2024**	**Бейсенбі 08.02.2024**	**Жұма 09.02.2024**
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан кандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеуді үйрету мәселелері бойынша кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде кателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, **(сөйлеуді дамыту)** Табиғат бұрышындағы стбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) **Балармен жеке жұмыс.** Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылау. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбырлы жауды, жел соқты), соған сәйкес киінуін жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу)**				
Таңертеңгі жаттығу	Ұжымдық ойындарға арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. **(сөйлеуді дамыту)**
Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Шуақ шаша Алтын таңда Мөлдір таза ауада Табиғаттың бәрі оянды Оян сен де бар бала Балалар, ертеңгісін көзімізді ашып терезеге қарасақ нені көреміз? Егер күн жарқырап нұрын шашып тұрса қалай қуанамыз? Олай болса, бүгінгі күнге, табиғатқа жылы лебізімізді білдірейік Армысың ардақты аспан ата! Армысың мейірімді жер ана! Армысың шұғылалы алтын күн! Күліп шықты күн бүгін Ия балалар біз әрбір атқан таңымызға келген жаңа күнге жеткенімізге қуанамыз Балаларға жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеуді ұйымдастыру. «Ойын дегеніміз не?» тақырыбында әңгімелесу. «ойыншы» деген нені білдіреді ойларын сұрау.

	Суреттер арқылы түсіндіру. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
	Денешынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: Жүру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүргіру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; оңға, солға бұрылу Қимылды ойын: Өз түсіңді тап «Құлын, қозы, лақ» ертегісін оқып беру. Кейіпкердің	**Денешынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: жүруді жүгірумен алмастырып жүру; жүгіру; қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; оңға, солға бұрылу Қимылды ойын: Тышқандар мен мысықтар Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу,	**Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу. **Қазақ тілі** Шығармашылық қиялды дамыту Топтағы бар заттарды пайдаланып. спорт алаңшасын жасату. **(құрастыру)** «Құлын, қозы, лақ» ертегісін естеріне түсіру. Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді үйрету **(көркем әдебиет)**	**Денешынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: жүруді жүгірумен алмастырып жүру; шапшаң және баяу қарқынмен жүргіру; 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; **Қимылды ойын:** Жалауға қарап жүгіру.	**Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша «Ша-ша-ша Ойын сауық тамаша.» артикуляцияны дамытатын жаттығуды орындату. Асық ойыны туралы айтып түсіндіру. **Ө. Тұрманжанов Тақпағын жаттату** Мен тәртіпті баламын Мен кішкентай баламын, Айтқан тілді аламын Апам нанға кеткенде, Үйде ойнап қаламын. Шкафтарды

	мінезін сипаттауды үйрету. **(көркем әдебиет)** Дикциябойынша жұмысты жалғастыру: сөздермен сөз тіркестерініңдұрыс айтылуын жақсарту. құлын қозы лақтың дыбысын салуды игерту. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың таңдауы	төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау Ойын түрлері туралы айту. Үйде кандай ойындар ойнатынын айтып балалармен бірге ойнау. «Акку ұшты», «Қуыр қуыр қуырмаш» ойындарын ойнату. **(көркем әдебиет)** Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен ойын құралдарының суретін салдырту, ермексаздан ұжымдық жұмыс арқылы ойыншыларды жасату және геометриялық пішіндер		Сурет бойынша спорттық ойын түрлері туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыруды дамыту. **(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)** Сызғышпен ойын құралдарын өлшеу. Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа,жуан-жіңішке сын есімдерменбелгілеуді үйретуді жалғастыру. **(математика негіздері)**	ашпаймын, Кітаптарды шашпаймын, Кубиктерден үй жасап Қызық ойын бастаймын.

Серуенге дайындық	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылыбелсенділіктерін күшейту. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау жәнежинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).				
Серуен	Балабақша ауласындағы құстарға бақылау жасату. Жем бергізу. **(қоршаған ортаментанысу)** **Қимылды ойын** «Шымшықтар менмысық» Қардан ойын алаңынқұрастыру. **(құрастыру)**	Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдануын пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)** Балабақша ауласындағы қарды зерттеу. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды жетілдіру (ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). **(математика негіздері)**	Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Көлік пен жаяу жүргіншілерге болыпойнату. **(қоршаған ортамен танысу)** **Қимылды ойын** «Ханталапай» Қарда ойын құралдарының суретін салу. **(сурет салу)**	Қазақстандағы қалалармен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері туралы түсініктерді қалыптастыру. Қыс мезгіліндегі табиғаттың әсемдігін суреттер арқылы көрсету. **(қоршаған ортамен танысу)** Қимылды ойын «Шымшықтар менмысық»	Бүгінгі ауа райы туралы екеу ара әңгімелесуді ұйымдастыру. Диалогке қатысушы үшін түсініктісұрақтар қоюға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Қимылды ойын «Орамал тастамақ» **Спорттық жаттығулар**: Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау

		Қимылды ойын «Ұшты ұшты»			
Серуеннен орталу	Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				

	Қазақ халық ертегілерін оқып беру (**көркем әрекет**)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Еремексазды қолдану дағдыларын пысықтау арқылы мультфилімдегі ойыншықтарды мүсіндеу, желімді пайдалануды жетілдіру **(мүсіндеу, жапсыру)**	Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету. Ойын құралдарын құрастыру **(құрастыру)**	Біздің балбақшадағы ойын алаңы. Ұжымдық жұмыс. Сюжеттік композициялар құруды, ұжымдық жұмыстарды орындауда	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Спорттық ойын құралдарын қиып спортшының қасына	Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайталап жасауға мүмкіндік беру. **(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** Ойын. Бір қатарға балаларды тұрғызып,

	Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан түрлі геометриялық пішіндерді бір бірден әр бала алып, көруін жәнесипап сезу арқылы зерттеу жасауын ұйымдастыру **(математика негіздері)**	Айналамыздағы қоршаған заттармен , ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. **(қоршаған ортамен танысу)**	міндеттемелерді өзара бөлісуді жетілдіру. **(мүсіндеу)** Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қыска, кейін ұзын жолақтарды киюды үйрету. **(жапсыру).**	жапсыру. **(жапсыру)** Балалардың қалауы бойынша спорттық ойын құралдарының суретін салу немесе ермексаздан жасату **(сурет салу, мүсіндеу)**	қалған балаларға тапсырма бердірту. Тапсырма бойынша айтылған бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), **(математика негіздері)**
Балалармен жеке жұмыс	Геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттейді, оларды ажыратады және атайды:Б.Медина Альмир	бейнелейтін заттарды қарайды, қолмен ұстап зерттейді:Арман.Ал-Азиз	кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды Қайсар	екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады: Б.Медина.Арман.Раяна	тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі: А.Айым.Алинұр,Алихан
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.				

Серуен	Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу **(музыка)** **Еркін ойындар**	**Дербес ойындар** Қимылды ойын «Сақина жасыру.»	Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату **(музыка)** **Еркін ойындар**	Еркін ойындар	**Қимылды ойын** «Ханталапай» Балалардың бастамасымен ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды жылы киіндіру туралы кеңес беру. Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

09.02.2024

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК
Топ: «Балапан» ересек тобы
Балалардың жасы:4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі:ақпан айы 2024 жыл 3-апта
Тәрбиешілер: Ержан Г.А. Сартова Г.Е .

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 12.02.2024**	**Сейсенбі 13.02.2024**	**Сәрсенбі 14.02.2024**	**Бейсенбі 15.02.2024**	**Жұма 16.02.2024**
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**	Балаларды ата анадан қабылдап алу. Денсаулықтарын сұрау. Үстел үсті ойыны: "Мазайка","Домино". М-ты:Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суару. М-ты: Еңбекке баулу	Балаларды ата анадан қабылдап алу. Денсаулықтарын сұрау. Үстел үсті ойыны: "Мозайка","Домино". М-ты:Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суару.	Балаларды ата анадан қабылдап алу. Денсаулықтарын сұрау. Әнгіме: "Балабақша" М-ты :Балалардың тіл байлықтарын дамыту. Топтағы гүлдерді сурау.Шаңын сүрту.	Жеке жұмыс:Көркем әдебиет. Балабақша туралыы білімдерін тілдерін жаттықтыру. Табиғат бұрышындағы жұмыс. Гүлдерді қопсытып суару. Мазмұнды ойын "Аспазшы" М-ты:Аспазшы жайлы түсінігін қалыптастыру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. **(сөйлеуді дамыту)**	Дидактикалық ойын:«Құстарды тап, сана».	Дидактикалық ойын:«Жануарлардың төлдерін тап».	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау.	Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топырағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) **Балармен жеке жұмыс.**
Таңертенгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Техника туралы біз не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар.	**Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:	**Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша Балаларды әңгіме

